

Шудан жеке қорғаныс құралдары

Орындаған:Қуатбек А,

Тексерген:Түкібай А


- Қарқынды шу мен дірілге жеке қорғаныс құралдарын қолдану олар дұрыс таңдалған және тұрақты түрде пайдаланылса тиімді болып табылады.
- Қазіргі заманғы физиологиялық әдістер көмегімен жүргізілген зерттеулер нәтижесі жеке қорғаныс құралдарының шудың әсерінен ағзаны едәуір қорғайтынын, сонымен қатар әртүрлі терең функционалды зақымдаулар мен бұзылулардың алдын алатындығын дәлелдеді. Бірақ жеке қорғаныс құралдарын пайдалану жалпы шумен күресу мәселелерін толығымен шешпейді. Шу адамның есту мүшесіне және ағзасына алғашқы 3-5 жылда қатты әсер етеді, содан соң патологиялық өзгерулер баяулай бастайды. Сондықтан да, шулы өндірісте жұмысты алғаш бастар алдында қорғаныс құралдарын қолдану маңызды болып табылады.
- Шудан қорғанудың жеке қорғаныс құралдарына тығындар, құлаққаптар және шлемофондар жатады.

- **Тығындар.** Тығындар құлақтың есту арнасына салынады. Оларды пластикалық пішінін қатты өзгертпейтін материалдардан жасайды. Қатты тығындарды қысқа мерзімде қолдану керек, себебі олар есту мүшелерін зақымдайды. Дұрыс таңдалған құлақ тығындары жоғары жиіліктердегі шуды біршама төмендетеді.



- Тығындарды ультражұқа талшықты тампондардан жасайды. Тампондарды конустәрізді етіп бұрап құлақ жарғағын артқа тартып, таза қолмен құлаққа салады. Тампон өлшемдері есту арнасының жеке ерекшеліктеріне сай болады, тампон негізінде диаметрі 10-15 мм. Бір тампонға орта есеппен 0,2-0,3 г талшық қажет. Талшықтарды алдын ала дайындап, арнайы қорапта ұстау керек. Сыртқы есту жолының терісі аурулары болса жұқа талшықты тығындарды пайдалануға болады.

- **Құлаққаптар.** Құлаққаптар құлақ жарғағын толық жабады және доға тәрізді серіппе, шлем, жіппен тығыз киіледі.
- 12.2 - суретте шахтада пневматикалық бұрғылау перфораторларымен жұмыс істеу кезінде пайдалануға ұсынылатын құлаққаптар көрсетілген. Олардың корпусы жақсы оқшаулаушы материалдардан дайындалады.
- Қазіргі таңда ВЦНИИОТ-2 және «Киевский» түріндегі құлаққаптар жиі қолданылады. ВЦНИИОТ-2 типті (12.1-сурет) құлаққаптар қолдануға қолайлы және жеңіл, әсіресе жоғары жиілікті спектр бөлімдеріндегі жағымсыз дыбыстарды төмендетуге өте тиімді. Олар өңдеушілерге, сүзгілеушілерге, авиатехникалармен жұмыс жасаушыларға және т.б кәсіби жұмыстарда қолдануға ұсынылады



- Шахта жұмыстарына арналған құлаққап

- Дыбыс оқшаулағыш қоршаулар бұл - қабырғалар, қоршаулар, әйнектелген өткелдер, есіктер, терезелер. Дыбыс оқшаулауыш кабиналар. Оларды қашықтан басқару пульттерін орналастыру үшін немесе шулы ғимараттарда жұмысшы орындарын орналастыру үшін қолданады. Кабиналар кірпіштен, бетоннан және басқа материалдардан дайындалады, сонымен бірге жиналатын металдық панельдерден дайындалады. Жылулық сәулелену көздері бар цехтарда кабиналар одан қорғанудың қажеттілігін қамтамасыз етуі қажет. Акустикалық экрандар мен қоршаулар. Экрандар жұмыс істеп тұрған агрегаттардан шығатын шудан жұмыс орындарын қорғау үшін өндірістік ғимараттарда орнатылады, сонымен бірге көрші агрегаттардан, административті- тұрмыстық ғимараттардағы және тұрғын құрылыстардағы ашық шу көздерінен бөлінетін шудан қорғау мақсатында орнатылады.

Шуылды нормалау

Жұмыс орындарындағы шуылдың нормалатын параметрлері МемСТ 12.1.00383 пен және СН 2.2.4/2.1.8.56296 «Жұмыс орындарындағы, тұрғын үжайлардағы, қоғамдық ғимараттардағы және тұрғын үйлер салынған аумақтардағы шуыл» Санитарлық нормаларымен анықталған.

Өндірістік

ортаның және адамның тіршілік ету ортасының факторы ретіндегі шуылдың зияндылығы оның деңгейін шектеу қажеттігін туындатады.

Шуылдың санитарлық деңгейлері екі тәсілмен нормаланады: шектеулі спектрлар тәсілімен (ШС) дыбыс деңгейі тәсілімен.

Тұрақты шуылды нормалау үшін қолданылатын

Шектеулі спектрлар тәсілі дыбыс қысымының деңгейлерін 31,5, 63, 125, 250, 500, 1000, 2000, 4000 и 8000 Гц орташа геометриялық жиіліктері бар октавалық белдеулерде шектеуді қарастырады

ОКТАВА-101А анализатор спектры бар шу өлшер, комплект.

- Шу көздері.
- ОКТАВА-101А спектр сараптаушы шу өлшері өндірісте, тұрғын және
- қоғамдық ғимараттарда машиналар мен механизмдердің акустикалық
- сипаттамаларын және ғылыми зерттеулерде октавалы және үш октавалы жиілік
- жолақтарында орташа квадратты, эквивалентті және жоғарғы дыбыс деңгейлері
- және дыбыс қысымы деңгейлерін өлшеуге арналады.
- Шу өлшер келесі құраушылардан тұрады:
 - • Өлшеу – индикаторлы блок (ӨИБ).
 - • Микрофонды күшейткіш КММ400 микрофонды капсуль ВМК-205.
 - • Қоректендіру блогы – қуат көзі.
 - • Сөмке.
 - • Пайдалану кітапшасы / құжат.

OKTABA 101A



ОКТАВА 101А шу өлшерін жұмысқа дайындау және жұмыс істеу тәртібі

- **ОКТАВА 101А шу өлшерін жұмысқа дайындау және жұмыс істеу тәртібі**
- 1 Пернелер сипаттамасы және олардың функциясы
- **Перне Функция**
- ВКЛ Қоректендіруді қосу
- ВЫКЛ Қоректендіруді өшіру
- СТАРТ/СТОП Өлшеуді бастау / тоқтату
- СБРОС Детектор және индикация блоктарын нолдеу
- ЗАПИСЬ Өлшенген мәндерді жадыға жазу
- ПАМЯТЬ Жадыда сақталған жұмыс режиміне ауыстыру
- РЕЖИМ / ВЫХОД 1. Реттеу менюіне кіру
- 2. Кез келген менюден/ бір қадамға кері шегіну
- УСИЛЕНИЕ Өлшеу диапазонын реттеу режиміне кіру
- => <= Меню мен дисплейде орын ауыстыру пернелері
- ДА Шаманы өзгерту не таңдауды растау
- НЕТ Шаманы өзгерту не таңдаудан бас тарту

